

Бекітемін: 
МҚКК "Шаттық" бөбекжай-балабақшасының
менгерушісі: З.С.Жұмабаева
« 02 » 09 2024 ж

Келісемін: 
Аудандық білім бөлімінің
басшысы: М.Қ. Дабысов
« _____ » _____ 2024ж

**2024-2025 оқу жылына арналған «Шаттық» бөбекжай-
балабақшасының базалық оқу жоспары**

Қарауылкелді ауылы

«Шаттық» бөбекжай-балабақшасының

2024-2025 оқу жылына арналған оқу жоспарына түсінік хат.

Мағжан Жұмабаев "Педагогика" еңбегінде: "Әрбір тәрбиеші баланы ұлт дәстүрімен тәрбиелеуге міндетті" дейді. Ұлттық құндылыққа қанығып өскен өреннің танымы терең, ділі берік болады. Ата-бабалар аманат еткен ұлан-ғайыр даланы аман сақтау, ең алдымен, жас буынға артылатын зор үміт. Кейінгі ұрпақ тәуелсіздігіміздің туын әрқашан жоғары ұстауы тиіс.

"Жеті түрлі ілім білетін" ұрпақ тәрбиелеу – бүгінгі күннің негізгі міндеті

Балаларды сапалы оқыту, олардың санасын тәрбиелеу – заманауи қоғамның алдында тұрған басты міндеттердің бірі. Қазіргі заман балалары жылдам дамиды, қоғамда олардың айналасында болып жатқан өзгерістер мен құбылыстарға ілтипатпен қарайды, оған деген қызығушылығы мен бейімділігі артады.

Басты талап – баланың заманауи талаптарға бейімделуіне және қоғамда орны бар барлық жақсы нәрсенің зердесіне жетуіне көмектесу, оның шығармашылық қабілетін қолдауға және оларды дамытуға ықпал жасау. Балалардың шығармашылық қабілетін дамыту, олардың шынайы ақиқатты танып білуін қалыптастыруға бағытталған.

2024-2025 оқу жылындағы негізгі міндеттер белгіленген, ол мынадай бағыттарды қамтиды:

- мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілердің өмірін және денсаулығын қорғау
- тәрбиеленушілердің, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері және жеке мүмкіндіктері бар тәрбиеленушілердің дене, зияткерлік және жеке тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін оңтайлы жағдайлар жасау;
- тәрбиеленушілердің қимыл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, эмоционалдық, әлеуметтік, когнитивтік дағдыларын қалыптастыру;
- Отанды, ана тілін сүйуге, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздеріне және патриотизмге баулу;
- баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығын қалыптастыру және тең бастапқы мүмкіндіктер беру.
- ойын арқылы үйрету;
- түрлі балалар әрекетін ұйымдастыру арқылы (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) балаларды дамыту.
- қазақ халқының тұрмыстық заттарымен, музыкалық аспаптарымен, әшекей бұйымдарымен, ұлттық киімдерімен және басқалармен жабдықтау.
- кілем тоқитын, құмыра, ыдыс-аяқ жасайтын құралдармен жабдықтау.
- қыздардың шашын өретін, қамшы өретін бұрыштар жасау.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істеу үшін жағдайларды қамтамасыз ету:

- 1) ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға жағымды қарым-қатынас қалыптастыру;
- 2) инклюзивті білім беру процесін оқу-әдістемелік сүйемелдеуді жетілдіру;
- 3) ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды білім беру ортасына қосу процесін, психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің практикаға-бағдарланған технологияларын пайдалану тетіктерін, нысандарын, тәсілдерін әзірлеу және енгізу;
- 4) ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды ерте анықтау жүйесін жетілдіру және психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді ұйымдастыру;

Физикалық даму, балалардың коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру келесі ұйымдастырылған іс-әрекеттерді кіріктіру арқылы жүзеге асырылады:

- 1) дене шынықтыру
- 2) сөйлеуді дамыту;
- 3) көркем әдебиет;
- 4) қоршаған ортамен таныстыру;
- 5) құрастыру;
- 6) сенсорика;
- 7) математика негіздері;
- 8) жапсыру;
- 9) сурет салу;
- 10) мүсіндеу;
- 11) Музыка

Ересектер тобында вариативті бөлікке 2сағат алынды.

Тақырыптары:

«Өнерлі екен,он саусақ» ,«Ертегілер әлемі» ал ортаңғы топта 1сағат алынды. «Біз кішкентай зерттеушілерміз»

«Шаттық» бөбекжай-бала
бақшасының меңгерушісі:



Жұмабаева З.С

Қазақстан Республикасының
оқу-ағарту министрінің
2022 жылғы « 9 » __ 09 ____
№ 394_ бұйрығына
1-қосымша

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2012 жылғы 20 желтоқсандағы
№ 557 бұйрығына
1-қосымша

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары

№ р/с	*Ұйымдастырылған іс-әрекет	Жастоптары
		«Кіші» топ-3 (2-3 жас)
1	Денешынықтыру	Аптасына үш рет
	**	күн сайын
2	Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет	күн сайын
3	Сенсорика	күн сайын
4	Қоршаған ортамен танысу	күн сайын
	Сурет салу	күн сайын
5	Мүсіндеу	күн сайын
	Жапсыру	күн сайын
	Құрастыру	күн сайын
6	Музыка	аптасына бір рет
	***	күн сайын

Қазақстан Республикасының
оқу-ағарту министрінің
2022 жылғы «09» 09
№ 394 бұйрығына
2-қосымша

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2012 жылғы 20 желтоқсандағы
№ 557 бұйрығына
2-қосымша

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары

№ р/с	*Ұйымдастырылған іс- әрекет	Жастоптары	
		«Ортаңғы» топ-2 (3 -4 жас)	«Ересек» топ-1 (4-5 жас)
1	Денешынықтыру	аптасына үш рет	аптасына үш рет
	**	күн сайын	күн сайын
2	Сөйлеуді дамыту және Көркем әдебиет	күн сайын	күн сайын
	Қазақ тілі	Аптасына 1 рет	Аптасына 1 рет
	**	Күн сайын	Күн сайын
3	Математика негіздері	Күн сайын	Күн сайын
4	Қоршаған ортамен таныстыру	Күн сайын	Күн сайын
	Сурет салу	Күн сайын	Күн сайын
	Мүсіндеу	Күн сайын	Күн сайын
5	Жапсыру	Күн сайын	Күн сайын
	Құрастыру	Күн сайын	Күн сайын
6	Музыка	Аптасына 1 рет	Аптасына 2 рет
	****	Күн сайын	күн сайын